

Мектепалдыаярлық «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
I апта (26-30 қазан 2020 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:



Аманжеева А.Ж

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дидактикалық ойын: «Жапырақтар» Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету. Қажетті құралдар: Жұқа қағаздан ойып жасалған сары және қызыл жапырақтар.	Сюжеттік-рольді ойын. Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Қимыл- қозғалыс ойын. «Өртті сөндіру» Мақсаты: Икемділіктерін дамытып, кеңістікті бағдарлай білуге үйретіп, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Қимыл- қозғалыс ойын «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа үйретіп, түстерді ажыратуға, шапшаңдықтарын қалыптастыру.	Дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	1. Сауат ашу: 1. Тақырыбы « Сөйлеу» Мақсаты: Сөйлемнің мағынасын түсіну. Сөйлеу барысында дауыс ырғағын сақтап, вербальды емес қарым – қатынас нұсқаулардың (ым-ишара, қимыл), сөздерді (кешірініз, тыңдаңызшы және тб) қолдану. Шаттық шеңбері – Кәне, барлығымыз бір-бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайық. Бүгінгі күнді жақсы өлең жолдарымен бастайық. Күлімде күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де, Қанат қаксын көгершін. Ойын: «Жануарларды қимылына карап анықта!» Шарты: Ортаға бір бала	1. Математика негіздері Тақырыбы: Менің ойыншықтарым. Заттарды салыстырамын және ретімен қоямын. мақсаты: Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. Сәлеметсіңдер ме, балалар, терезеге қараңдаршы, бүгін далада қандай керемет шуақты күн. Педагог балаларға өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеп беруді ұсынады.–Қандай ойыншықтарда қайталанатын элементтер	1. Сауат ашу. 1. Тақырыбы: « Мен – үлгілі баламын. Р дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Сұраққа жауап бере отырып, Р дыбысы және әрпімен танысады. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Педагог балаларды ортаға шаттық шеңберіне тұрғызады. Балалар шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді Армысың, әлем! Армысың, жарық күн! (Қолдарын жасайып, көкке көтереді). Армысың, абзал адам! (Қолдарын алға созады). Армысың, менің досым! (Қолдарын бір-біріне қарап	1. Құрастыру Тақырыбы: Мен мектепке не апарамын? Мақсаты: Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Психологиялық жағымды көңіл күй қалыптастыру. Тәрбиеленушілерді ҰОҚ-нің тақырыбына бағыттау: Ойын: «Менің көңіл күйім». (Бет- әлпетпен: жымияды, күледі, қимыл-қозғалыспен: секіреді, билейді т.б. көрсету). Адамдар күнделікті өмірде әртүрлі жағдайларда өмір сүреді. Олар кейде көңілді жүрсе, бірде жабырқау, көңілсіз болатын кездері кездеседі. Қағаздардың түрлерімен таныстыру. Қатты қағаз (картон), түрлі түсті қағаз, жылтыр қағаз, барқыт қағаз, жұқа қағаз (гафри) және сурет салатын қағаз. Олардың сапаларын салыстыра отырып зерделеу, ерекшеліктерін ажырата алуға мән беру. Осылардың ішінен біз бүгін сурет салатын қағазды таңдап аламыз, одан сурет салуға арналған альбом жасаймыз. Ол үшін қандай құрал-жабдықтар қажет екенін анықтап алайық: бірнеше ақ парақтар.	1. Өзін-өзі тану: Тақырыбы: «Мен бақытты адаммын» Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалар, біз бүгін кең, жарық, әсем бөлмеде жиналып тұрмыз. Қане бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, үлкен шеңбер құрып көрейікші! Қандай тамаша! Кел балалар күлейік! Күлкімен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! Әңгімелеу. Балалар біз «Өзін-өзі

	<p>шығады. Педагог ортадағы баланың құлағына кез келген жануардың (қоян, ит, мысық, аю, қасқыр) атын атайды. Бала естіген жануарын балаларға түсінікті болатындай қимылмен көрсетеді. Қалған балалар ортадағы баланың қимылына қарап, қандай жануар екенін табады. Бірінші тапқан бала ойынды ары қарай жалғастырады. Балалардың ым-ишара арқылы сөйлеуге, бір-бірін түсінуге болатыны туралы түсініктері кеңейеді. Әліппе-дәптермен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма – Балалар мектеп ауласынан кімдерді көріп тұрсындар? – Балалар қандай киім киген? – Олар бір бірімен қалай амандасты? – Балалар бір-бірімен қалай танысты? – Олардың жастары нешеде? – Қыздар жапырақтан не жасады? Сұраққа жауап толық жауап береді. Танысу туралы өз ойларын айтады. 2-тапсырма. Балалар суретке қарап Әнуардың не айтып отырғанын және Айгүл мен Әлияның қалай сөйлесіп тұрғанын айтады. – Әнуар сөзді қалай тыңдап отыр? – Айгүл мен Әлия қалай сөйлесіп отыр? Сұраққа жауап бере отырып, балалар сөйлесудің түрлерімен; ауызша және</p>	<p>кездеседі? – Олардың көлемі әрқашан бірдей ме? Балаларға әліппе-дәптердегі 1-тапсырманы орындау ұсынылады. Педагог проблемалық жағдаят ұсынады: Барлық сақиналар қатар жатпайды. Олардың өлшемі бойынша қалай салыстыруға болады? Проблемалық жағдайды шешу үшін, балалар салыстырудың тиімді тәсілдерінің бірін таңдайды және пирамиданың барлық элементтерін ең кішкентай сақинадан ең үлкеніне қарай кезекпен біріктіре отырып, сызық жүргізеді. Содан кейін сақиналардың түстерін дәл сол кезектілігімен бояу ұсынылады. Балалар қандай заттардың үлкен, ал қандай заттардың кішкентай екенін түсінгеннен кейін, келесі кезеңге кірісуге болады: биік – аласа, қысқа – ұзын және т.б. ұғымдар. Заттарды биіктігі және жалпақтығы бойынша салыстыру үшін балаларға үлестірмелі материалдар беріледі. Сергіту сәті. Педагог геометриялық фигуралармен заттарды ерікті тәртіпте орналастырады, ал балалар оларды өлшемінің артуы, кемуі, ұзындығы, биіктігі және т.б. бойынша орналастыруы тиіс. Саусақтардың ұсак моторикасын дамыту үшін 2-тапсырма орындалады. Педагог жолақтар</p>	<p><i>созады).</i> Қарғаның суретін көрсетеді. Қарға қалай дыбыстайды? Балалар қарғаның дыбысын келтіреді. Балалар қарға құсы туралы әңгімелеседі. Әліппе-дәптермен жұмыс</p> <p>1-тапсырма Бұл суретте не болып жатыр? Балалар суреттегі көріністі әңгімелейді. Қарғаның дыбысын келтіреді. Суреттегі заттарды атайды. Р дыбысы естілетін сөздерді анықтайды. 2-тапсырма 1-тапсырмадағы суретпен байланысты. Суреттегі бала санын анықтайды. Санды көрсетеді (төрт) 3-тапсырма. Р әрпінің баспа түрімен таныстырады. Педагог Р дыбысының айтылуын үйретеді (Р –тілдің алдымен және дірілмен айтылады). Р әрпімен таныс болады. Р – дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Р әрпінің бейнесіне қарап ұқсас заттарды атау. Р әрпін ауада жазып көрсетеді. Сергіту сәті Балалар орындарынан тұрып сергіту сәтін жасайды. Слайдтан көрсетілген Айя мен Әлидің әнінің негізінде аққала жасауды қимылмен билеп көрсетеді. 4-тапсырма. Р әрпінің жазылуын көрсете отырып, қандай затқа ұқсайтынын елестетеді. Жылқышының құрығындай, Тіп-тіке тұруын-ай. (М. Әлімбаев) Педагог жылқышының құрығы туралы түсіндіреді. 5-тапсырма. Домино тастарынан Р әрпін</p>	<p>қайшы, түрлі түсті қағаз, желім, лента немесе жіп. Қайшы – қарапайым құрал, оны пайдаланғанды білесіңдер. Қандай қайшылар болады? Қайшымен кім жұмыс істейді? Қайшы қандай маман немесе кәсіп иелері үшін қажет? Қайшымен қағазды, матаны қалай қияды? Қайшы туралы қорытынды жасаймыз: 1. Қайшының пішіні, өлшемі әртүрлі болуы мүмкін. 2. Қағазды, матаны, металды кесетін қайшылар болады. 3. Қайшы үлкен болған сайын оның қызметі де маңызды болады. <i>Sergitu sami:</i> Ал, тәрбиеленушілер, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп Соңға қарай иіліп Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. Тәрбиеленушілер өз бетінше жұмыс істейді. Тәжірибелік жұмыс барысында тәрбиеленушілер өз білімдері мен бақылауларына сүйенеді, өздері жасаған затты әрлеудің қарапайым әдістерін қолданады, шығармашылық таңдау жасай алуға үйренеді. Дайын жұмысты таныстыру. Тәрбиеленушілер өз жұмыстарын қалай және не үшін қолданатынын айтады. Өздерінің жасаған альбомына қандай сурет салатынын, немесе кімге сыйға тартатынын ойлануға уақыт береді. Қағазды үнемді және орынды пайдалан!</p> <p>2. Апликация Тақырыбы: Дүкен сөресінде. Максаты: Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). «Досыңа жақсы көңіл күй сыйла» тренинг-ойын Педагог тәрбиеленушілерге сұрақ қояды: Нан алу керек болса, Сыйлық алу керек болса, Өзімізбен сөмке алып,</p>	<p>тану» әлеміне саяхатымызды бастаймыз. «Өзін-өзі тану» әлемі бізге сыйлықтар дайындап қойыпты. Бұл барлығымызға ортақ «Ақылды кітап». Біз бұл кітаптан түрлі ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, өнегелі сөздермен танысамыз. Бұл сыйлық «Өзін-өзі тану» әлеміне саяхаттағы ақылды көмекшіміз – «Дәптер» Қандай суретті көріп тұрсындар? Бұл әлемде адам бойындағы ең жақсы қасиеттермен танысып, үйренеміз. Бұл ұл жақсы қасиеттер адамның құнды қасиеттері деп аталады. Әдепті, қамқор адамдар – жақсы, құрметті адамдар. Шыншыл, тазалықты сүйген адамдар – олар да сыйлы, құрметті. Осындай жақсы адамдар достықты да бірлікті де қадірлей біледі. Ойын «Сықырлы қоржын» Қоржында жүрек пішіні бірнеше бөлікке қиып бөлінген. Әрбір ойынға қатысушы бала сықырлы қоржыннан осы бөліктерді алып, үлкен бір бүтін</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>жазбаша болатынын түсінеді. Сөйлеудің адам өміріндегі маңызын балалар сұрақтарға жауап бере отырып анықтайды. <i>Бой сергіту жаттығуы</i>: «Би билейміз» әнін қимыл-қозғалыспен орындайды. Иілеміз оңға бір, иілеміз солға бір. Бір анда, бір мұнда, өзіңді-өзің айнала. Бас аяқты – топ, топ, топ, Шапалақта – хоп, хоп, хоп. Бір анда, бір мұнда, өзіңді-өзің айнала. Басымызды иеміз, би билейміз, күлеміз, Бір анда, бір мұнда, өзіңді-өзің айнала. 3-тапсырма Бірінші суреттегі баланың іс-әрекетін айтады. –Бала қағазға не жазып отыр? Ол нені қолданды? Екінші суреттегі қыздың іс-әрекетін айтады 4-тапсырма Балалардың қимылына қарап не айтып тұрғанын табады. Балалар бір-бірімен суреттегідей ымдап сөйлеседі.</p> <p>2. Музыка 1. Тақырыбы: «Менің музыкалық әлемім» Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату. (көңілді, салтанатты, қуанышты ашық- жарқын, көңілсіз мұңды, қайғылы) Тыңдау: «Балалағым балғын шағым». (муз. Е.Ташев Т.Қажыбаев) Ән айту. «Мен елімнің ертеңі»(муз мен сөзі Л.Муқашева)</p>	<p>жинақтарын таратады, балалар салыстыруға, белгілі бір тәртіпте орналастыруға тапсырмалар орындай алады. Әліппе-дәптердегі 3-тапсырмада балаларға салыстыру үшін тиімді әдісті пайдаланып, еніне және ұзындығына қарай бірдей ленталарды бояу ұсынылады. Педагог қорытынды жасайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.</p> <p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кел, танысайық!» Мақсаты: Мектеп қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру. Олардың еңбегі туралы әңгімелеп айтып беруге үйрету. Шаттық шеңбері - Қайырлы таң, балалар! - Бүгінгі күн қандай керемет! - Кәне, барлығымыз бір-бірімізге көтеріңкі көңіл күй сыйлайық. Бүгінгі күнді жақсы өлең жолдарымен бастайық. Күлімде күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін! Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін Педагог балалардан журналист деген кім екенін, ол немен айналысатынын сұрайды. - Бүгін бізге тілші қонаққа келді, ол кісі сендер туралы мақала жазбақшы. Сондықтан да сендердің әрқайсыларың туралы</p>	<p>құрастырады. Суреттегі үлгіні педагогтің көмегімен қайталайды. Өз беттерімен Р әрпін құрастырады. Р әрпінің баспа түрін жазу жолдарына жазады Педагог балалардың белсенділігін талқылап оқу қызметін қорытындылайды.</p> <p>2. Дене шынықтыру. Денсаулық оқу қызметі (негізгі қимылдар) Заттармен және заттар-сыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау «Денсаулықты нығайтамыз» ойын жаттығуы «Қолды күнге қарай созыңдар. Күн сәулелері ананың жұмсақ алақанындай бізді құшағына алып, аймалап, сипалап, жылу береді. Сикырлы күн реніш пен ауру-сырқауды ерітіп, жүректерді махаббатқа, сүйіспеншілік пен денсаулыққа толтырды». Балаларға жүру мен жүгірудің адам денсаулығына пайда тигізетіні туралы әңгімелейді. Бір-бірінің артына тізбекке тұру. Баяу жүгіру мен кезектестіре жүру. Таспалармен жалпы даму жаттығулары. Келбетті бітім денсаулық кепілі екеніне балалардың назарын аударады. 30 см биіктіктен белгіленген жер – таспадан әрі шұңқырлау жерге секіру. Балаларға жаттығу жасағанда жарақатты болдырмау үшін орындықтың ортасында, бір-</p>	<p>Біз далаға шығамыз, Сөрелер жанынан өтіп, Қайда біз барамыз? (Дүкенге) Педагог балалардан сөренің не екенін сұрайды. Ол қайда орналасады және не себепті қажет? Балаларға ҰОҚ-нің тақырыбын түсіндіреді. Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Педагог балаларға суретті көруді ұсынады. Балалар жұптасып суреттегі азық-түліктердің пайдалы-пайдасыз екендігін және оның себебін талқылайды. Сөреде сатып алушыларға дүкеннен не сатып алуға болатыны көрсетіледі. Сөреде өнеркәсіп тауарлары, азық-түлік және киім-кешек көрсетілуі мүмкін. Педагог сабаққа дайындықты тексереді. Балаларға жапсырмада қандай сөрені бейнелейтіні туралы ойлануды ұсынады. Дүкен сөресін жасау үшін қарындаш пен сызғышты қолдану жөнінде кеңес береді. саусақтарға арналған жаттығу Бостан-босқа тұрмайын, Алмұрттарды жинайын! (Сол қолды кеуде тұсында иіп ұстайды – «себет», оң қолмен ағаштан алмұртты жұлып алып, себетке салған қимыл көрсетеді.) Алманы да терейін, Досым келсе, берейін. (Қолдарын ауыстырады.) Бананды аршып, оны да, Ұстатам достың қолына! («Банан» ұстаған қолын алға созады.) Апликация жасау технологиясы. Әзірleme-негізде қалам мен сызғыштың көмегімен дүкен сөресін сызып алу керек. Тәрбиеленушілерге сызғышты қолдану ережесін еске салыңыз: сызғышты қағаз бетіне жатқызып, сол қолмен (<i>егер бала солақай болса, оң қолмен</i>) үстінен басып тұрады. Қарындашты сызғышқа қарай тігінен орнатып, қарындашты да тігінен ұстап, сызғыштан ажыратпай, сызық сызамыз. қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі Педагог ҰОҚ барысында қауіпсіз жұмыс ережелерін еске салады: Өз жұмыс орнында тәртіп сақта.</p>	<p>жүрек пішінің құрастырады. Дәптермен жұмыс Балалар өздеріңнің жүректерінің тұсына алақандарыңды қойып, жүрек қағысын байқаңдар. Балалар, егер біз қуансақ, ашулансақ жүрегіміз қалай қағады? Дәптердегі екі жүреті салыстырып, қандай көңіл күйде екенін әңгімелеп, ашық тұрған жүрекке өз көңіл күйлеріңді бейнелеңдер. Сергіту сәті Мынау менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау –басым ақылды, Бәрін осы басқарған. Мынау менің оң қолым, Мынау менің сол қолым, Барлық істі атқарған. Тыныштық сәті Тыныс алу жаттығуы Ғажайып сөздер: «Шаттық шеңбер» - ол жылулық, қуаныш сыйлайтын шеңбер. Балалар, қалай ойлайсыңдар, бүгінгі күні біз неге ерекше деп айтамыз? Біз бір-бірімізге әдемі, жылы, сүйкімді күлкімізді сыйладық.</p> <p>2. Музыка 1. Тақырыбы: «Менің музыкалық әлемім»</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>Музыкалық ырғақты қозғалыс:Қазақ биі «Айгөлек»(Орн. Е Ланин)</p> <p>3. Жаратылстану: Жаратылстану: Тақырыбы:« Мен табиғатты бақылай аламын ба?» Мақсаты: «Бақылау» ұғымын және оны өткізу кезеңдерін түсіну. ҰОҚ-да жұмыс жасау үшін педагог жағымды атмосфера туғызады. Біреу кездескенде «Қайырлы таң!» деп амандасуды жай және даналықпен ойлап тапқан. Ежелгі кезден бастап адам табиғатты бақылаған, өзінің білімін жинақтап, оны балаларына тапсырып отырған. Әліппе-дәптермен танысу: кейіпкерлермен, шартты белгілермен.Әліппе-дәптер (1-тапсырма). Педагог балалардың еске түсіру қабілеттеріне сүйене отырып, суреттерге қарап, сөздерден сұрақтар құру біліктерін жетілдіреді. Мысалы, Жұлдыздар неге құлайды? Күн неге жарқырайды? Шөл далада құмнан қалай сақтануға болады? Кемпіркосақ қай кезде шығады? Аралар балды қалай жасайды? Қандай бұлттардан жаңбыр жауады? және т.б. Өзекті мәселелер. Жануарларды бақылай отырып, адамның не ойлап тапқаны жайында педагог балалардың ойланып жауап берулерін сұрайды. Қорытынды жасай отырып, балалардың былай түсінуіне әкеледі: Нәтижесінде балаларда мынадай түсініктер</p>	<p>жақынырақ білгісі келеді. Сонымен бүгін біз өзіміз туралы - аты-жөніміз кім, нені жақсы көреміз, нені ұнатамыз, немен шұғылданамыз, солар туралы айтамыз. Алдымен тілшімен амандасып алайық. Тілші балалармен әңгіме өткізеді: Аты-жөнің кім? Сен неше жастасың? Өз түрінді, мінезінді сипатта. Шашың ұзын ба, қысқа ма? Бойың ұзын ба, аласа ма? Қай жерде тұрасың? Аға, әпке, іні, қарындасың бар ма? Немен шұғылданғанды ұнатасың? Киімдерінді өзін жинайсың ба? Не кигенді ұнатасың? Аяқкиімдерінді өзін тазалайсың ба? Қандай ойыншықтармен, кіммен ойнағанды ұнатасың? (Балалардың тілшімен әңгімесі.) 1-тапсырма. Суретте кімдер бейнеленген? Ұл мен қыздың айырмашылығы туралы айт. Төмендегі суреттер қайсысына тән? Сызып қос. Қызға да, ұлға да қажет заттар бар ма? Сергіту жаттығуы: Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Алға қарай – бір адым, Артқа қарай – бір адым. Жоғары-төмен қарайық,</p>	<p>бірінен алшақта тұру керектігін ескертеді.Белгіленген жерге дәл секіруге, жерге түскенде тепе-теңдік сақтап, аяқты дұрыс қоюға назар аударады. Көлденең қойылған сатыда алақан мен табанға сүйеніп төрттағандап еңбектеу. Нұсқау – аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру, қозғалыс кезінде бір-біріне кедергі келтірмеу, арақашықтықты тура сақтау – қозғалыс басталатын сызықтан белгіленген нүктеге дейін. Баспалдақ таяқшаларын ұстағанда төрт саусақ үстінде, бас бармақ астында болады. Қажет болған жағдайда сақтан-дыру қамтамасыз етіледі. Дене қисаюының профилактикасы тепе-теңдік: басына қапшық қойып, қолды екі жаққа жайып адымдап жүру. Дене мен басты дұрыс ұстауға көңіл бөлу (егер басты еңкейтсе, қапшық құлап түседі). Нұсқау – те-пе-теңдік сақтау, аяқты қойғанда таяқша ортада болу керек. «қарлығаш» қимыл ойыны Бала санына қарай құрсаулар қойылады. Бұл қарлығаштар-дың үйі болады, ортасында қақпан бар. Ойынға қатысу-шылар қарлығаш болып залда әрі-бері жүгіреді, қанат қаққандай қолдарын самғап әдемі қимылдар жасайды. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш, біздің үйге ұшып кел!», –деп белгі берілген кезде тез үйді табады, үйді таппағандар қақпанға түседі «Пайдалы-зиянды» тәртіптік</p>	<p>Түзу құралдармен жұмыс жаса.</p> <p>3.Дене шынықтыру «Денсаулыққа не пайдалы?» (Ауада) (негізгі қимылдар) Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау «Дене шынықтыру басталады – бір! Қарыштатып адымдаймыз – екі! Саптан қалма, қара алға – үш! Көк аспанда жарқырайды күн көктем, Шымыр болып өсерміз әлі, біз ертең!» Бір-бірінің артына бір баладан тізбекке тұрып, жай адымдап, тізені жоғары көтеріп жүгіру, бағыт пен қарқынды өзгертіп жүгіру, жартылай адымдап және теріс қарап жүру. Нұсқау – жеңіл, ырғақты жүгіру; тізені 90 градус бұрышқа дейін көтеру, қолды белге қою. Тыныс алуды қалпына келтіру. Қолды әртүрлі қалыпта түзету жаттығуларын жасау. Екі қатар тізбекке тізілу. Заттарсыз жалпы дамыту жаттығуларын жасау Лақтыру, орындық үстімен жүру кезінде қауіпсіздік техникасы туралы ескертеді 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп лақтыру. Оң және сол қолмен нысанаға лақтырғанда денені дұрыс ұстауға көңіл бөлінеді. Лақтыру техникасына назар аударылады – алдымен қолды айналдыра төмен, содан кейін артқа қолды толық жазылғанша серпиді. тепе-теңдік – қолды екі жаққа жайып, шаршылардан аттай отырып орындық үстімен адымдап жүру. Дене мен басты дұрыс ұстауға назар аударылады. Оң және сол жанымен қозғалысты бақылайды, сақтық шараларына көңіл бөлінеді. «Соқыртеке» қимыл-қозғалыс ойыны Балалар бір-бірінен қол созым аралықта дөңгелене отырады. Дөңгелек ортасына бір бала шығып, оның көзі байланады. Ол «соқыртеке» болады. Ойынға қатысушылар бір-біріне қоңырауды бере отырып зал ішінде жүгіріп жүреді. Көзі</p>	<p>Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату. (көңілді, салтанатты, қуанышты ашық-жарқын, көңілсіз мұңды, қайғылы) Тыңдау: «Балалайғым балғын шағым». (муз. Е.Ташев Т.Қажыбаев) Ән айту. «Мен елімнің ертеңі»(муз мен сөзі Л.Муқашева) Музыкалық ырғақты қозғалыс:Қазақ биі «Айгөлек»(Орн. Е Ланин)</p> <p>3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Күн тәртібі» Мақсаты: Күн тәртібі, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртібін сақтау туралы білімдерін бекіту. Жағымды көңіл күй орнату. «тілек шоғы» жаттығуы. Қолдарына гүл ұстаған балалар дөңгелене отырады. Педагог өзі бастап сәлемдесіп, балалар қолдарындағы гүлді бір-біріне тілек айту арқылы ұсынады. Гүл шоқтары бірте-бірте көбейіп, педагогтің өзіне бір құшақ гүл – «Тілек шоғы»</p>
--	---	---	--	---	--

<p>қалыптасады: бақылаушы – жаңа білімдер тудыратын адам; тәжірибе – бұл заттарды, табиғи құбылыстарды тану және зерттеу тәсілі Педагог балаларға бақылаушылардың қалай жұмыс істейтіндігі жайын- да болжам жасауларын ұсынады, бақылау мен зертханалық жұмыс туралы түсінік береді. Балаларға қорытынды тұжырым жасауға көмектеседі: бақылаушылар қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді бақылайды және тәжірибелер мен зертханалық жұмыстар жасайды</p> <p>4.В К Ұлттық ойындар Тақырыбы: Аңға байланысты ойындар. Аңға байланысты ойындар туралы түсінік беру. Мақсаты: Балаларды ойын шартымен,мақсатымен таныстыру.Ойлау, қиялдау ептіліктерін тәрбиелеу. Шаттық шеңбері Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне , біздер қандаймыз! Орман , көлге, шыңғ біз Сяхатқа шығамыз. Бөлінбейді іргеміз , Әрқшанда біргеміз! Әрқашан тілектес Досыңа көмектес. Балалар шеңбер жасап тұрады, тәрбиешімен бірге сөздерді қайталайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Шаңқ – шұңқ еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ,</p>	<p>Орнымызды табайық Мақал – сөздің мәйегі: Анасына қарап қыз өсер, Әкесіне қарап ұл өсер. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды 3.Сурет салу Тақырыбы:«Денсаулық гүлі» Мақсаты:Көркем материалдар және құралдар түрлерімен, қолмен/ саусақпен және т.б. көмегімен қарапайым жұмыс техникасын қолдана отырып, заттардың текстурасын бейне «Мейірімділік шоғыры». Балалар шеңберге тұрады. Әрқайсысында бір гүл бар, оны көршісіне жақсылық тілей отырып береді. Нәтижесінде мейірімділік шоғырын бастаған адамға мол тілектер шоғыры жетеді Педагог тілектерден құралған шоғырға назар аударады, гүлдердің қандай әдемі екендігін айтады. Тілек гүлдері. Барлық тілектер орындалу үшін не қажет? (Мейірімді болу, сау болу) Бүгін гүл салуды ұсынамын. Ол ерекше және сиқырлы болады. Оның жапырақтарына қарайық Денсаулық гүліне қараңдар. Әрбір жапырақ нені білдіреді? Қуаныш салған суреттерді дострыңмен бірге қараңдар. Ол ненің көмегімен салды деп ойлайсыңдар?</p>	<p>ұстаным қалыптастыру. Балаларға пайдалы және зиянды әдеттер туралы сөйлемдерді аяқтау ұсынылады.</p> <p>3. Көркем әдебиет: Тақырыбы: Тазалық пен ұқыптылық Мақсаты:Тазалық пен ұқыптылық ұғымдарымен таныстыру. Психологиялық жағымды көңіл күй қалыптастыру үшін педагог тәрбиеленушілерді шеңберге тұрғызып, «Мен ұқыпты баламын!» ойынын ойнатады. Педагог допты лақтырған балалар өздері жайлы айтып өтеді. Мысалы: Мен ұқыпты баламын, т.б. Шынығу туралы бейнефильм көрсетіледі. Педагог: Балалар, денсаулықтарың мықты болу үшін суық сумен шынығудың пайдасы зор, өйткені ол сергу. Шынығудың ең жеңіл түрі – суға түсу. Педагог Е. Өтетілеуұлының «Тазалық пен ұқыптылық» өлеңімен таныстырады. Талқылау: – Өлең не туралы? – Жуынудың пайдасы қандай? – Дос болуға нелер шақырды? Өлеңнің бірінші жолы қандай сөздермен басталады? Педагог өлеңді екінші рет қайталап оқып, балаларға ұнаған өлеңнің шумағын бірге жаттатады. (45 баладан сұрайды.) Сергіту сәті: Мен жақсы тынықтым, Сергекпін және күштімін! Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімдіөзім жақсы көремін. Әліппе-дәптермен жұмыс. Сурет бойынша әңгіме.</p>	<p>байлаулы бала қоңырау үнімен олардың соңына түсіп, ұстап алуға ұмтылады. Кім ұсталса, сол «соқыртеке» болады. Грек жаңғағымен орындалатын жаттығу Жаңғағымыз жай емес, Өзі сиқырлы, өзі алтын. Біз жаңғақпен ойнаймыз: Саусағыңды қимылдат, Біз жаңғақпен ойнаймыз, (оң қолда) Оны таудан домалат. Жоғары, төмен сырғанап Алақанда домалат! Біз көңілді баламыз Сол қолға оны аламыз (сол қолда) Жоғары, төмен, тағы да Домалатып ойнаймыз! Оң қолға жаңғақ аламыз (оң қолда) Алақанға саламыз. Айналдыра жаңғақты Саусаққа күш саламыз. Тағы, тағы домала Онсыз ойын бола ма (сол қолда). Жұдырықты жұмамыз Оңға, солға бұрамыз. Ойынымызды аяқтап, Аздап тыныс аламыз! Бір-екі-үш! Демаламыз жинап күш!</p> <p>5.В.к Логика әлемі Тақырыбы: Уақыт реттілігін анықтау. Мақсаты: Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру. -Саламатсыздарма, балалар! Саламатсыз ба! -Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті, қане амандасайық! Біз әдепті баламыз Амандасу үлкенге, Алдыменен қонақпен Тәрбиенің басы ғой. Амандасып аламыз. Ал кәнекей бәріміз. Сәлем!- дейік үлкенге Жылулық шеңбер. -Қане ,балалар барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап күн жасайықшы. -Балалар ,мынау ненің суреті? (күннің) -Күн жарқырап шыққан кезде адамдарға шуағын шашады.</p>	<p>болып оралады «Өзгелерге денсаулық тілеп, жақсылық жасасаң, ол өзіңе қайтып оралады», – деп, педагог қорытынды жасайды. проблемалық сұрақ: – Біздің кездесуіміз жақсылық пен денсаулық тілеуден басталды. Ал сендердің күндерің қалай басталады? Таңдарың қалай басталады? <i>Балалар өз ойларымен бөліседі.</i> – Кейде үлкендер бір-біріне «сол аяғымен тұрды» деп ескертпе жасап жатады. Ол нені білдіреді? Балалар өз пікірлерімен бөліседі. Педагог балалардың жауаптарын қорытады. – Неліктен ата-аналар және мамандар ұйқыдан тұрған соң керіліп-созылуға кенес береді? Педагог ақпараты: Ұйқыдан ояңған соң бірден төсектен тұруға болмайды, өзіңе және организмнің оянуына көмектесуің керек, ол үшін керіліп-созылып, ұзақ ұйқыдан соң омыртқа үшін кішігірім жаттығу жасауға болады. Ал сенің күлкің</p>
---	--	---	--	--

<p>Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. - Бұл не балалар? Сөздік жұмыс: қалып жатқан ізі жоқ. Жұмбақты тыңдайды, ойланады, жауап береді. Балық. Қайталайды: қалып жатқан ізі жоқ. Дидактикалық ойын: Балық қайда өмір сүреді? тәрбиеші мына сөздерді айтады: суда, уйде, көлде, жерде, теңізде, жағада, бөлмеде, өзенде, қорада, о рманда, далада... - Балалар, балық жануарлардан несімен ерекшеленеді? - Балық – суда тіршілік етуге бейімделген. Құрғақта өмір сүре алмайды. Балықта өкпе жоқ, олар желбезегі арқылы демалады. Балық түрі өте көп. - Балықтарды үйде қалай өсіреміз? - Оған қандай жағдай жасау керек? Педагог балықтың суретін көрсетіп, дене құрлысына талдау жасайды. Суреттен балықтың желбезегін, жүзбеқанатын, құйрығын, қабыршақтарын көрсетеді. Олардың қандай қызмет атқаратынын сұрайды. - Балалар, балықтарды адамдар не үшін аулайды? Оның қандай пайдасы бар? - Балықтар азайып кетпеуі үшін оған қандай жағдай жасау керек? Үлестірмелі материалға назарларын аударады. - Адамдардың дұрыс қарамауынан өзен түбіндегі балықтардың бәрі қашып кетіпті. Біз осы өзен түбіне балықтарды</p>	<p>Динамикалық үзіліс Қылқаламды қолға алып саусақтарымен қылқаламмен қимылдарды бейнелейді) Сиқыршы мен боламын: (қолдарын жоғары көтереді) Қағаз алып, (білезіктерімен айналмалы қимылдар жасайды.) Құстың, (қолдарын айқастырып, тарбиған саусақтармен құстардың қанатының қимылын бейнелейді) Машинаның, (рульді бұрап жатқандай қимылдар жасайды) Мұнараның, (бастарынан жоғары созылған қолдарды «шатыр» түрінде біріктіреді) Жалаудың (алақандарын сыртқа қаратып, бас бармақтар тудың ұстағыштары ретінде төмен бағытталады). Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы. Педагог сабақтағы қауіпсіздік техникасы ережелерін еске түсіріп, атауды сұрайды. Жұмысты орындауда ұқыптылыққа, материалдар мен құралдарды дұрыс қолдануға назар аударады. Педагог балаларға сабақ пен жапырақтарды салуды ұсынады. Сурет салуда қолданатын сызықтарды анықтайды. Гүл салу үшін алақанды пайдаланамыз 4. Орыс тілі: Тема: Семейный дастархан внимательно слушать речь и правильно реагировать на нее (использование мимики и жестов, выполнение</p>	<p>1. Қыз балаға сабын, сүлгі не үшін қажет деп ойлайсың? – Киімдерін жинаған бала дұрыс әрекет етіп жатыр ма? – Таза болып жүретін балаларды қалай атаймыз? . Жұмбақ шешу ұсынылады: Шомылған баланы Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. Бұл не? (<i>Орамал</i>) Дымқылдап күнде сен, Қолыңда сүйкесең. Кетіп кірласың, Таптаза боласың. Бұл не? (<i>Сабын</i>) 3. Тазалық пен ұқыптылыққа қажетті заттардың суретін салу. Педагог қорытынды жасайды. – Біз неліктен суды пайдаланамыз? – Денсаулықтарыңды қалай қадағалайсыңдар? – Тазалықтың пайдасы қандай екен? 4. Мүсіндеу Тақырыбы: Тон киген Айсұлу Мақсаты: Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, түрлі пішіндегі, көлемдегі таныс заттарды мүсіндеу. Ойын-жаттығу: «Бұл қай кезде болады?» Балалар жыл мезгілдері туралы оқығандарын еске түсіріп, пысықтайды. – Сен жыл мезгілдері туралы не білесің? – Адамдар қыста не киеді? – Қыста достарыңмен қандай ойындар ойнайсың?</p>	<p>-Таңертең тұрған кезде аналарың қайырлы таң деп айта ма? Кәне, бізде қайырлы таң тілейік. -Қайырлы таң көздерім, сендер оянындар!!! -Қайырлы таң құлақтарымы, сендер оянындар!!! - Қайырлы таң саусақтарымы, сендер оянындар!!! Көздерін, құлақтарың уқалайды. Шапалақтайды. -Жарайсындар, балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын, орнымызға отырып. -Бүгін бізде қарапайым математикалық ұғымдар туралы ашық оқу-іс әрекеті. -Балалар, мен сендерге құр қол келген жокпын Мына шарларды ала келдім . -Бір жылда неше мезгіл бар? -Төрт мезгіл. Кәне, атап шығайық ... (қыс, көктем, күз, жаз) Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді. Мына шардың түсі қандай?(ақ) -Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? Қыс. қыста жер қандай болады (ақ) Сары шарды көрсету Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді.(күз) -Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі. Жер беті сары кілемге ұқсайды. Жасыл шарды көрсету. Бұл түс шөптердің түсі сияқты. -Табиғат көктемде оянып ,жер беті жасыл шөпке толады.. Ағаштар бүршік жара бастайды.(көктем) Қызыл шарды көрсету. -Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді.? Қай уақытта гүлдер қызыл түске боялады?.(жаз) -Балалар ,түстерін білдік, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Кәне, шарды кім жарады. Бір бала шығып шарды жарады, Балалар, бізге тапсырмалар берілген, осы тапсырманы дұрыс орындасандар,мына сиқырлы кілемшеге отырып «Ғажайып математика» еліне саяхатқа барамыз 1-тапсырма . 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау Екі тілде санау. 2-тапсырма.Дидактикалық ойын. Сандардың</p>	<p>жақындарың мен туыстарыңды қуантады. Кел, балалар, кел бері, Қыздырайық денені. Орнымыздан тұрып-ақ, Жүгірейік бір уақ. Аяқты алға созайық, Тік көтеріп, қозғайық. Әліппе-дәптермен жұмыс.(Жалғасы) – Сендер кешке ҰОҚ-ден соң үйлерінде не істейсіңдер? Ұйықтар алдында ше? Балалардың жауаптары. Балалар дәптердегі суреттерді қарайды. 4.В.к Ойламыз, ойнаймыз Тақырыбы: Суретпен жұмыс Мақсаты: Суреттегі заттарды салыстыру, олардың айырмашылықтарын таба біл. Шаттық шеңбері Балалар жиналды бір топқа Сен менің, мен сенің досыңмын Кәне қолды бер досым Бірге ойнайық қуана Балалардың қолдарына бір гүлден беріп, бір біріне тілек айту арқылы бір шоқ гүлді жинау 1. Балалар бір біріміздің көңілімізді көтердік , ал енді</p>
---	---	---	---	--

	<p>жасап жіберіп, өз қамқорлығымызға алайық. Алдымен бойымызды сергітіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті. Балық суда жүзеді, Жып - жылтыр боп бүйірі, Қолға түспей қашады, Ұстағым кеп шаршадым. Тәрбиеші балықты жасау тәсілін көрсете отырып түсіндіреді. -Жұмысты топтарға бөлініп істейміз. Домалақтанған ермексазды созу арқылы сопақша пішінге келтіреміз. Ұш жағы сүйірленіп келген сопақша пішінді тақтайша бетіне қойып, алақанмен жаншу арқылы жалпақтаймыз. Енді балықтың жүзбеқанатын, құйрығын жасап аламыз. Оларды денесіне біріктіреміз. Кішкентай көз жасап, басына орналастырамыз. Аузын ермексаз кескішпен белгілеп көрсетеміз. Кескішпен денесіне қабыршақтың суретін салып шығамыз. Енді әр топ өздері жасаған балықтарын судың ішіне орналастырады. - Біз бүгін не істедік? - Балық несімен дем алады? - Балықтың несі жоқ? - Балықтың денесін не жауып тұрады? - Жарайсындар, балалар, жасаған балықтарың әдемі шығыпты. Ойынға кіріседі, дұрыс болса, қолдарын шапалақтайды, дұрыс болмаса, аяқтарын топылдатады. -Суда жүзетін құйрықтымен, жүзбеқанатымен, қоректену түрімен, дыбыс шығара алмайтынымен ерекшеленеді.</p>	<p>дейтіндей).</p> <p>Цель: внимательно слушать и отвечать собеседнику короткими фразами, используя образец, мимику, жесты</p> <p>Организационный момент. Дети стоят в кругу. солнце яркое встает Лучики свои нам шлет. руки к солнцу мы протянем, Здравствуй, солнышко, мы скажем! ребята, давайте поздороваемся друг с другом как птички носиками, как рыбки бок о бок, как зайчики хвостиками. Посмотрим друг другу в глаза и улыбнемся. как называется республика, в которой мы живем? (казахстан) издавна казахский народ славится своим гостеприимством. казахский народ всегда был рад гостям и принимал их радостно и приветливо. Хозяйева подают на стол разные угощения. задание № 1. Рассмотрите картинку «семейный дастархан». что делают члены семьи? Балапан хочет узнать, как называется стол с угощениями у казахов? (дастархан) Педагог обращает внимание на то, что у многих народов всегда с радостью и почтением, с уважением и дружелюбием принимают гостей, при этом обязательно накрывают</p>	<p>Тәрбиеленушілер ҰОҚ-де не жайлы әңгіме болатынын болжап, зерттеудің тақырыбы мен мақсатын айқындайды.</p> <p>Әңгімелесу сәті. – Қыс түскенде біздің айналамызда қандай өзгерістер болады? – Қыста адамның өмірінде қандай өзгерістер болады? – Қыстық киімдерді атап беріңдер. – Қыста қандай ойындар ойнайсындар? Ойын-жаттығу: «Суретші неден қателесті?» Балалар жыл мезгілдері мен адамдардың киімдерін салыстырып, суретшінің қателерін табады. Топта қандай ойыншықтар бар? Ой қорыту. – Біздің топта қыстық киім киген ойыншық қуыршақ жоқ. Педагог балаларға қыстық киім киген қуыршақ жасап, оған Айсұлу деген әдемі есім беруді ұсынады. Үлгіні қарап шығу. Тәрбиеленушілер мүсіндеудің түрі мен тәсілін анықтайды. Саусақтарға арналған жаттығу: «Ақ ұлпа қар». Ойын-жаттығу: «Не жақсы – не жаман». Ойын барысында балалар ермексазбен, кескішпен жұмыс істеу ережелерін пысықтайды Ойын-жаттығу: «Ермексазбен достас». Ермексазды жұмыс істеуге дайындау</p>	<p>көршісін табу. «Жоғалған сан». (1-ден 5-ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.) 3-тапсырма. Логикалық есептер – Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды – Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету) Мынау ненің суреті? – Қолда қанша саусақ бар? 2. Ағашта 5 құс отыр, оның 2-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды? 3. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма 4-тапсырма Жұмбақтар. Адамға серік, күзетке берік. (ит) Жүрегі бар, ізі жоқ, Қанатты бар, ұшпайды. Су астында қыстайды. (Балық) Мен атамнан қаштым, Мен әжемнен қаштым Таба алмадым атамды, әжемді. Үйімді сағындым. (Бауырсақ) Бұл қай ертегі? Кішкене ғана бойы бар, айналдырып киген тоны бар (қой) Сергіту сәті «Бала, бала, балапан» әні: Бір серігіп алсаңдар одан әрі жалғастыру.</p> <p>Балалар, ақылмен ойлап әр түрлі нәрселер жасауға болады екен. Мынау түрлі-түсті пішіндерді қарандаршы. Оларды қалай атаймыз. Балалар: Тіктөртбұрыш, төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек. Тәрбиеші: Шуақ шашқан күнге ұқсаймын көбірек, менің атым (дөңгелек) Барлық шатыр ұқсайды тек өзіме, бірден білер құлақ асқан сөзіме. (үшбұрыш) Теледидар таныс екен баршаға, ал пішінім ұқсайды ғой (шаршыға) Балалар, геометриялық пішіндерді ажырата білсек, енді «Ғажайып математика» еліне саяхатқа баратын кілемшемізге қарап геометриялық пішіндерді орналастырайық! Қарандаршы, балалар, қандай әдемі кілемшелер жасадыңдар. Ал осы кілемдегі оюлар қандай пішіннен құралған (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек)</p>	<p>айта қойыңдаршы қазір қай жыл мезгілі? 2. Күз айларын атаңдар 3. Күз айларының ерекшеліктері 4. Күз туралы кім өлең тақпақ біледі Балалар мен қазір жерде өсетін жемістерді айтқанда қолдарыңды көтересіңдер, талда өсетін жидектерді айтқанда қолдарыңды төмен түсіресіңдер</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>Қайталайды: Балық-рыба, су-вода. -Үйде аквариумда өседі. -Суын тазартып, қоректендіріп отыру керек. Суға оттегі жіберіледі. -Балықтың денесі сопақша пішінді, Кішкентай көзі, аузы бар, желбезегі мен демалады, жүзбеқанатымен жүзеді, құйрығы рульдің қызметін атқарады. -Тамақ ретінде пайдаланады. Оның құрамында Д дәрумені бар. -Өзен-көлдерді ластамау керек. Кейбір азайып бара жатқан балықтарды аулауға тыйым салады. Үлестірмелі материалдарды қарайды. Балық жасауға ынталарын білдіреді. Өлең мазмұнына сәйкес қыймылдар жасайды. Балалар үлестірмелі материалдағы балықтың жасалу жолымен тнысады, педагогті тыңдайды. 4-5 баладан топқа бірігеді. Өр топ мүшелері педагогтің көрсетуіне ілесе отырып, балықты жасап шығады. Топта жасаған балықтарын бір-біріне көрсетіп, дұрыс емес жерлерін түзетуге көмектеседі. Өр топ жасаған балықтарын қолдарындағы көлдің суретіне орналастырады. Балықтардың дұрыс орналасуына назар аударады. -Блық жасадық. -Денесінде желбезегі болады. -Балықтың өкпесі жоқ. -Денесін қабыршақ жауып тұрады.</p>	<p>стол, подают вкусное угощение, развлекают гостя беседой, играми и песнями. Динамическая пауза «Колобок». (К) игра с мячом «Один - много». Педагог называет существительное в единственном числе и бросает ребенку мяч, ребенок называет слово во множественном числе и отбрасывает мяч друг – Брат – сестра – дом – Бабушка – дедушка – задание № 2. Послушай и запомни, какими предметами накрывают дастархан. вспомните, какие предметы ставит на дастархан ваша Эже. стихотворение «дастархан» А. Гранд. один у нас остался ХАН - достопочтенный дастархан. как будто просто низкий стол, А он дороже, чем престол. он принимает всех друзей. он кухни солнечной музей. Людей сближает дастархан. Пусть будет самый главный хан для всех накрытый дастархан. дети с интересом слушают стихотворение, выражают свое мнение об услышанном. задание № 3. раскрась мебель коричневым цветом, а посуду – желтым</p>		<p>Геометриялық пішіндерді кілемшеге орналастырдық. 1-ден 5-ке дейін тура және кері санадық. Жұмбақтар шештік. Балалар, келесі оқу іс-әрекетінде осы кілемшеге отырып «Ғажайып математика» еліне саяхатқа барамыз. -Жарайсындар, балалар, бәріміз келген қонақтармен қоштасайық. Көріскенше күн жақсы, Сау саламат болайық. Күтілетін нәтиже: Қолынан келу: - Балалар, біз бүгін геометриялық пішіндерді ажыраттық және кілемшеге орналастырдық. Білуі қажет: Сандарды тура және кері санау, логикалық есептер, жұмбақтар шешу. Болу керек: зейінді, ұқыпты, мейірімді, есте сақтау, ойлау қабілеттері, дамыған.</p>	
Алақай ойын!	Д/О «Жоғары – төменде, биік»	Д/О «Көкіністер мен»	Сюжеттік рөлді ойындар	Д/о «Кім шапшаң»	С/р/о №8 «Аспазшы»

<p>Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p>	<p>– аласа » Мақсаты: Жоғары – төмен, биік – аласа ұғымдарын пысықтау.</p>	<p>жемістер» Мақсаты: Жемістермен, көкіністерді айыра білуге, атай білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, жылдамдыққа үйрету. Ойын шарты: Екі жерге екі себет қойылады. Үстел үстіне көкіністер мен жемістерді шашып тастаймыз. Балалар көкіністер мен жемістерді ажыратып екі себетке бөліп салады</p>	<p>№1 «Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.</p>	<p>Мақсаты: есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.</p>	<p>Мақсаты: Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету.</p>
<p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p>	<p>Серуен №6 Ұшып кететін құстарды бақылау Мақсаты: ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; Құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Серуен №7 Желді бақылау Мақсаты: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру; өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Серуен №8 Үйеңкі ағашын бақылау Мақсаты: үйеңкі ағашының әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту (қызыл тал, қызыл шілік, боз тал, үйеңкі тал т.б.)</p>	<p>Серуен №9 Жүк көліктерін бақылау Мақсаты: жүк көліктерін ажырата білуге, олардың қолданылатын орындарын айыра білуге үйрету.</p>	<p>Серуен №10 Терек ағашын бақылау Мақсаты: Терек ағашының ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту</p>
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру</p>	<p>Жазу жаттығулары</p>	<p>Ермексазбен таза ұқыпты жұмыс жасау</p>	<p>10 көлеміндегі сандарды біледі оларды тура және кері санайды</p>	<p>Желіммен жұмыс жасау, тазалыққа үйрету.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Балаларының оқу іс- әрекетіне көңіл бөлу.</p>	<p>Ата- анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту.</p>	<p>Өткен әріптерді қайталату.</p>	<p>Ата- анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту.</p>	<p>Өлең, тақпақтар жаттау.</p>